**ЕУРАЗИЯЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ОДАҚТЫҢ СОТЫ**

# КОНСУЛЬТАТИВТІК ҚОРЫТЫНДЫ

2026 жылғы 17 маусым Минск қаласы

Еуразиялық экономикалық одақ Сотының мынадай құрамдағы Үлкен алқасы:

төрағалық етуші Сот Төрағасы А.А. Дронов,

баяндаушы судья А.Г. Тунян,

судьялар Э.В. Айриян, Д.П. Александров, К.К. Джунушпаев, А.А. Забара, Е.Ж. Исмаилов, М.Т. Кайыпов, А.Б. Кишкембаев, Н.В. Павлова,

сот отырысының хатшысы Г.В. Симонянның қатысуымен,

іс материалдарын зерделеп, баяндамашы судьяны тыңдап,

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының 2, 46, 47, 69, 73-тармақтарын, Еуразиялық экономикалық одақ Соты Регламентінің 72, 85-баптарын басшылыққа ала отырып,

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі тұлғасында Қазақстан Республикасының өтініші бойынша 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың жекелеген ережелерін түсіндіру туралы консультативтік қорытынды ұсынады.

## I. Өтініш берушінің сұрағы

Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі (бұдан әрі – өтініш беруші, Агенттік) тұлғасында Қазақстан Республикасы 2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шарттың (бұдан әрі – Шарт) ережелерін түсіндіру туралы өтінішпен Еуразиялық экономикалық одақ Сотына (бұдан әрі – Сот) жүгінді.

Өтініш беруші Қазақстан Республикасы Парламентінің Мәжілісі «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне бәсекелестік мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Заңының жобасын қарап жатқанын, оның шеңберінде депутаттар Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы заңының 1-бабының

1-тармақшасына көрсетілген Заң мәтінінен «магистралдық» деген сөзді алып тастауды көздейтін түзетуге бастамашылық еткенін көрсетеді.

Агенттіктің пікірінше, осы түзету Заңның қолданыстағы редакциясында көзделгендей магистралдық қана емес, барлық құбырлар арқылы мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау жөніндегі қызметтерді табиғи монополиялар саласына жатқызуды білдіреді.

Өтініш беруші Шарттың 78-бабының 7-тармақшасына сәйкес мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту, егер мүше мемлекет Шартқа № 20 қосымшада қамтылған Табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеудің бірыңғай қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамаға (бұдан әрі – Хаттама) № 1 немесе № 2 қосымшада көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге саласын табиғи монополиялар саласына жатқызуға ниетті болған жағдайда, осы мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан кейін Еуразиялық экономикалық комиссияның (бұдан әрі – Комиссия) шешімі бойынша жүзеге асырылатынын атап өтеді.

Мәлімделгенге байланысты өтініш беруші Шарттың нормаларына сәйкес Комиссияның жоғарыда аталған түзету бойынша шешім қабылдауы талап етіле ме, етілмей ме екенін түсіндіруді сұрайды.

## II. Соттағы рәсім

Еуразиялық экономикалық одақ Соты Статутының (Шартқа № 2 қосымша; бұдан әрі – Статут) 68-тармағына сәйкес түсініктеме беру туралы істерді қарау тәртібі Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 101 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық одақ Сотының Регламентімен (бұдан әрі – Регламент) айқындалады.

Соттың Үлкен алқасының 2026 жылғы 31 наурыздағы қаулысымен Қазақстан Республикасының Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігінің өтініші іс жүргізуге қабылданды.

Регламенттің 75-бабы тәртібінде түсініктеме беру туралы істі қарауға дайындық шеңберінде сұрау салулар жіберілді және Еуразиялық экономикалық комиссиядан, Армения Республикасының Экономика министрлігінен, Беларусь Республикасының Монополияға қарсы реттеу және сауда министрлігінен, Беларусь Республикасының Көлік және коммуникация министрлігінен, Ресей Федерациясының Бас прокуратурасынан, Беларусь мемлекеттік технологиялық университетінен, Евфросиния Полоцкая атындағы Полоцк мемлекеттік университет механикалық-технологиялық факультетінен, Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институтынан, Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Заңнама және салыстырмалы құқықтану институтынан, О.Е. Кутафин атындағы Мәскеу мемлекеттік заң университетінен жауаптар алынды.

## III. Соттың қорытындылары

1. Өтініш берушінің дәлелдерін назарға ала отырып, осы іс бойынша Шарттың 78-бабының 7-тармағының, сондай-ақ Хаттаманың 20-тармағы 1-тармақшасының ережелері Комиссияның мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдауы жөніндегі өкілеттігін жүзеге асыруы аспектісінде олардың жүйелік өзара байланысында түсіндіруге жатады. Бұл ретте Комиссияның мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейтуге қатысты шешім қабылдауы жөніндегі қызметін бағалаумен байланысты емес іс жүргізу сипатындағы жұмыстар түсініктеме беруге жатады.

2. Статуттың 50-тармағын басшылыққа ала отырып, Соттың Үлкен алқасы халықаралық құқықтық жалпы танылған қағидаттары мен нормалары және 1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының ережелері негізінде Шарттың ережелеріне олардың бір-бірімен жүйелік өзара байланысында түсініктеме беруді жүзеге асырады.

3. Шарттың 1-бабының 1-тармағына сәйкес Еуразиялық экономикалық одақ (бұдан әрі – Одақ) шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капитал мен жұмыс күшінің еркін қозғалысы, Шартпен және Одақ шеңберіндегі халықаралық шарттармен айқындалған экономика салаларында үйлестірілген, келісілген немесе бірыңғай саясат жүргізу қамтамасыз етіледі.

Шарттың 3-бабына сәйкес Одақ өзінің қызметін Шартқа сәйкес оған мүше мемлекеттер берген құзыреті шегінде, атап айтқанда, Тараптардың өзара тиімді ынтымақтастығы, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің ескерілуін қамтамасыз ету, нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау қағидаттары негізінде жүзеге асырады.

Одақ аумағында бәсекелестік орта құру интеграциялық процестер шеңберінде экономикалық қарым-қатынастарды дамытудың және Шарттың 4-бабында бекітілген мақсаттарға қол жеткізудің қажетті алғышарты болып табылады.

Шарттың 3-бабына сәйкес нарықтық экономика және адал бәсекелестік қағидаттарын сақтау Одақтың жұмыс істеуінің негізгі қағидаттарының бірі және Одақ шеңберінде тауарлардың, көрсетілетін қызметтердің, капиталдың және еңбек ресурстарының бірыңғай нарығын қалыптастыруды және жаһандық экономика жағдайында ұлттық экономикаларды жан-жақты жаңғыртуды, кооперациялауды және олардың бәсекеге қабілеттілігін арттыруды (Шарттың 4-бабы) қоса алғанда,

Шарттың объектісі мен мақсаттарын тиімді жүзеге асырудың шарты болып табылады.

Комиссияның Шарттың 78-бабының 7-тармағы негізінде мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдауы Шарттың XVIII бөлімінде және Бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидалары туралы хаттамада (Шартқа № 19 қосымша) көзделген бәсекелестіктің жалпы қағидаттары мен қағидаларын Одақ шеңберінде қолданылу саласын шектеумен және/немесе қолдану режимін өзгертумен объективті ұштасқан.

Соттың Үлкен алқасы баяндалғанды ескере отырып, табиғи монополиялар салаларын кеңейтуге бағытталған ішкі заңнаманы қабылдау мәселесінде мүше мемлекеттердің Шартқа жауап беретін дискреция шектерін белгілеу тұрғысынан Шарттың 78-бабының 7-тармағында бекітілген норманың маңыздылығын, сондай-ақ жоғарыда аталған норманың Шарттың 66-бабы 3-тармағының (оған сәйкес мүше мемлекеттер көрсетілетін қызметтердің бірыңғай нарығын құруға және оның барынша көп секторларда жұмыс істеуін қамтамасыз етуге ұмтылады) және Шарттың 78-бабы 6-тармағының (мүше мемлекеттерді Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілген табиғи монополиялар салаларын «оларды қысқарту және осы Шарттың XX және XXI бөлімдерінде өтпелі кезеңді ықтимал айқындау арқылы» үйлестіруге ұмтылуға міндеттейтін) ережелерімен өзара байланысын атап өтеді.

Мәлімделгенге байланысты мүше мемлекеттер Одақтың өз функцияларын орындауы үшін қолайлы жағдайлар жаса отырып, табиғи монополиялар саласында құқықтық реттеудің ерекшеліктерін және осы салада келісілген саясатты жүргізу қажеттілігін ескереді.

4. Мүше мемлекеттердің табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу саласындағы өзара іс-қимыл мәселелері Шарттың «Табиғи монополиялар» атты XIX бөлімінде, сондай-ақ Хаттамада бекітілген.

Хаттаманың 2-тармағының үшінші абзацында қамтылған анықтамалық нормаға сәйкес, табиғи монополия – көрсетілетін қызметтердің белгілі бір түріне сұранысты қанағаттандыру үшін бәсекелестік жағдайларын жасау көрсетілетін қызметтердің осы түрін жүргізу мен ұсынудың технологиялық ерекшеліктеріне орай мүмкін болмайтын немесе экономикалық жағынан тиімсіз болатын көрсетілетін қызметтер нарығының жай-күйі.

Сот атап өткендей, Қырғыз Республикасы Көлік және жолдар министрлігінің № Р-4/17 іс бойынша өтініші бойынша 2017 жылғы 20 қарашадағы консультативтік қорытындының 4-тармағында жоғарыда аталған норманың мазмұнынан табиғи монополияның мәні оның өнімнің немесе көрсетілетін қызметтің кез келген көлемін тиімді өндіру мен бөлу бір ғана өнім өндіруші болған кездегі, ал өндірістің белгілі бір деңгейіндегі

шығындардың шамасы екі немесе одан да көп өндірушіге қарағанда бір өндірушіге кем болатын кездегі нарықтық жағдайға сәйкес болып табылатындығынан туындайды. Бұл жағдайда бәсекелестердің болуы параллель инфрақұрылым құруға жұмсалатын негізсіз шығындарға әкеледі. Мұндай нарықтық жағдай технологияның ерекшеліктері, өнімдер мен ресурстардың бірегейлігі, ұсынылатын қызметтер мен нарыққа кірудің көп тосқауылдары нәтижесінде ғана мүмкін болады.

5. Хаттаманың 3-тармағы Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілген салаларда табиғи монополиялар субъектілерінің қызметін реттеу және (немесе) бақылау кезінде мүше мемлекеттер басшылыққа алуы тиіс жалпы қағидаттарды – негіз қалаушы бастамаларды бекітеді, оның ішінде:

табиғи монополиялар салаларын осы салаларда бәсекелестікті дамыту үшін жағдайлар жасау есебінен кейіннен қысқартуға бағытталған реттеу тиімділігін арттыру;

тиісті ішкі нарықты талдау негізінде, осы нарықтың табиғи монополия жағдайында тұрғандығы белгілі болған жағдайларда, реттеуді енгізу.

Одақ шеңберіндегі реттеудің қаралып отырған жоғарыда көрсетілген істің мәніне қатысы бар қағидаттары экономикалық қызмет саласындағы теріс пайдалануларға жол бермеуге, бәсекелестік ортаны қамтамасыз етуге бағытталған, сондай-ақ қандай да бір саланы табиғи монополия ретінде заңды бекітуге арналған негіз қызметін атқарады.

6. Хаттаманың 2-тармағының оныншы абзацына сәйкес табиғи монополиялар саласы деп тұтынушы табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтерін сатып ала алатын, табиғи монополияға заңды түрде жатқызылған көрсетілетін қызметтер айналымының саласы түсіндіріледі.

Бұл ретте тұтынушы – бұл табиғи монополиялар субъектілері көрсететін қызметтерді пайдаланатын немесе пайдалануға ниеттенген азаматтық құқық субъектісі (жеке немесе заңды тұлға); табиғи монополия субъектісі – мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленген табиғи монополиялар салаларында қызметтер көрсететін шаруашылық жүргізуші субъект (Хаттаманың 2-тармағының сегізінші және тоғызыншы абзацтары). Табиғи монополиялар салаларына жатқызылған табиғи монополиялар субъектілерінің көрсетілетін қызметтер тізбесі мүше мемлекеттердің заңнамасында белгіленеді (Шарттың 78-бабының 5-тармағы).

Келтірілген құқықтық нормалардың мағынасынан табиғи монополиялар субъектілерінің қызмет саласы жеке және заңды тұлғаларға қызметтер көрсету жөніндегі қызмет түрлерін қамтитын экономика салаларын/секторларын қамтитыны туындайды. Экономикалық қызметтің

белгілі бір түрін табиғи монополиялар саласына жатқызу, табиғи монополиялар субъектілері қызметтерінің мазмұны тиісті мүше мемлекеттің ұлттық заңнамасында айқындалады.

Ұлтүсті деңгейде мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салалары Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда «Мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салалары» деген атаумен айқындалған. Егер Хаттамаға № 1 қосымшада Шарттың «Табиғи монополиялар» атты XIX бөлімінің ережелері қолданылатын мүше мемлекеттер арасындағы саудаға әсер ететін мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салалары (Шарттың 78-бабының 2-тармағы) көрсетілген болса, Хаттамаға № 2 қосымшада оларға қатысты мүше мемлекеттердің тиісті заңнамасының талаптары қолданылатын мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салалары (Шарттың 78-бабының 4-тармағы) көрсетілген.

7. Хаттамаға № 1 қосымшаның 1-тармағына сәйкес мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау мүше мемлекеттер арасындағы саудаға әсер ететін және Шарттың XIX бөлімінің ережелері қолданылатын мүше мемлекеттердегі табиғи монополиялар салаларының бірі ретінде көрсетілген.

Одаққа мүше мемлекеттердің заңнамасында мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау, ұлттық заңнамасы мұндай норманы көздемейтін Армения Республикасын қоспағанда, табиғи монополияның саласы деп танылған.

Мәселен, Беларусь Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2002 жылғы 16 желтоқсандағы № 162-З заңының 3-бабына сәйкес (2019 жылғы 11 қарашадағы редакциясында) мұнайды, мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау табиғи монополиялар салаларына жатқызылған.

Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы № 204-VI заңының 5-бабының 1-тармағы (2025 жылғы 29 шілдедегі редакциясында) оларды Қазақстан Республикасының аумағы арқылы транзиттеу және Қазақстан Республикасынан тыс эспорттау мақсатында тасымалдауды қоспағанда, мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі реттелетін көрсетілетін қызметтер Қазақстан Республикасында табиғи монополиялар саласына жататынын белгілейді.

Қырғыз Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2011 жылғы 8 тамыздағы № 149 заңының 2-1-бабында (2023 жылғы 25 шілдедегі редакциясында) мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау табиғи монополиялар саласы ретінде танылған.

Ресей Федерациясының «Табиғи монополиялар туралы» 1995 жылғы 17 тамыздағы № 147-ФЗ федералдық заңында (2026 жылғы 23 наурыздағы редакциясында) мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар

арқылы тасымалдау да табиғи монополиялар субъектілерінің қызметі саласына жатқызылған.

8. Хаттамаға № 1 қосымшаның 1-тармағында табиғи монополиялар салаларын көрсету үшін әртүрлі терминология пайдаланылатынына, атап айтқанда, Беларусь Республикасы, Қырғыз Республикасы және Ресей Федерациясы үшін «Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау», ал Қазақстан Республикасы үшін – «Мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі көрсетілетін қызметтер» деп көрсетілгеніне қарамастан, барлық жағдайларда Хаттаманың 2-тармағының онынші абзацында айқындалған «табиғи монополиялар саласы» ұғымының мағынасы бойынша көрсетілетін қызметтердің айналымы саласы туралы сөз болады.

9. Мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын ұйымдастыру, басқару, олардың жұмыс істеу және даму тәртібі туралы хаттаманың (Шартқа № 23 қосымша) 2-тармағына сәйкес «мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау» мұнай және мұнай өнімдерін кез келген тәсілмен, оның ішіне оны жөнелтушіден қабылдап алу пунктінен алушыға тапсыру пунктіне дейін құбыр көлігін пайдалана отырып жылжытуға, оған қоса ағызуға, құюға, басқа көлік түріне аударып құюға, сақтауға, араластыруға бағытталған әрекеттерді жасау ретінде айқындалады.

Бұған қоса, Одақ шеңберінде мүше мемлекеттердің Одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыруын қамтамасыз етуі үшін Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 8 шешімімен Еуразиялық экономикалық одақтың мұнай және мұнай өнімдерінің ортақ нарықтарын қалыптастыру тұжырымдамасы бекітілген, онда мұнай жне мұнай өнімдерін кез келген тәсілмен, оның ішінде оны жөнелтушіден қабылдап алу пунктінен алушыға тапсыру пунктіне дейін құбыр көлігін пайдалана отырып тасуға, оған қоса ағызуға, құюға, басқа көлік түріне аударып құюға, сақтауға, араластыруға бағытталған әрекеттерді жасауды білдіретін «мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау» ұғымы; сондай-ақ мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау (ағызу) үшін пайдаланылатын магистральдық құбырлар мен көлік құралдарының басқа да көлік түрлерінің жиынтығын білдіретін «мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау жүйесі» ұғымы берілген.

10. Көліктің ерекше түрі – магистральдық құбырды көрсете отырып, мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауды табиғи монополияның саласы ретінде нақтылау тауарлардың осы түрін тасымалдау нарығының ерекшелігін және Одақ шеңберінде осы салада табиғи монополияны қалыптастыру шарттарын көрсетеді.

Шартта «магистральдық құбыр» және «құбыр» ұғымдары анықтамасының болмауына қарамастан, Одақ құқығында «магистральдық

құбыр» ұғымы техникалық регламенттерде ашылады, олар Шарттың 51-бабы 1-тармағының 1-тармақшасына сәйкес өнімге немесе өнім мен өнімге қойылатын талаптарға байланысты жобалау (іздестіруді қоса алғанда), өндіру, құрылыс, монтаждау, ретке келтіру, пайдалану, сақтау, тасымалдау, іске асыру және кәдеге жарату процестеріне қойылатын міндетті талаптарды белгілейді.

Атап айтқанда, Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2020 жылғы 23 желтоқсандағы № 121 шешімімен қабылданған Еуразиялық экономикалық одақтың «Сұйық және газ тәріздес көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырларға қойылатын талаптар туралы» (бұдан әрі – ЕАЭО ТР 049/2020) техникалық регламенті жобалау (инженерлік ізденістерді қоса алғанда), салу (реконструкциялау), пайдалану (қабылдау және пайдалануға енгізу, консервация), кәдеге жарату (жою) кезінде Одақтың кедендік аумағында қолдану және орындау үшін міндетті сұйық және газ тәріздес көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбырларға қойылатын талаптарды, сондай-ақ олардың сәйкестігін бағалау қағидаларын белгілейді.

ЕАЭО ТР 049/2020-ның 2-тармағына сәйкес осы техникалық регламенттің техникалық реттеу объектісі олардың тармақтарымен бірге атаулы диаметрі қоса алғанда *DN* 1 400 дейінгі артық қысымы 1,2-ден қоса алғанда 14 Мпа дейінгі сұйық көмірсутектерді тасымалдауға арналған және артық қысымы 1,2-ден қоса алғанда 25 Мпа дейінгі газ тәріздес көмірсутектерді тасымалдауға арналған магистралдық құбырлар болып табылады.

11. ЕАЭО ТР 049/2020-ның 5-тармағының он бірінші абзацында «магистралдық құбыр» ұғымының мағынасы ашылады, ол сұйық немесе газ тәріздес көмірсутектерді қабылдау пунктерінен тұтынушыларға тапсыру пунктеріне дейін тасымалдауға немесе сұйық көмірсутектерді автомобиль, теміржол немесе су көлігіне ауыстырып тиеуге арналған, магистралдық құбыр объектілері қызмет көрсету және басқару мақсатында пайдаланатын құрылыстар мен ғимараттарды қоса алғанда, конструктивті және технологиялық өзара байланысты объектілерден тұратын бірыңғай өндірістік-технологиялық кешенді білдіреді.

ЕАЭО ТР 049/2020 магистральдық құбырларға қойылатын міндетті талаптарды белгілей отырып, сонымен бір мезгілде осы техникалық регламенттің талаптары қолданылмайтын басқа құбырлардың шеңберін айқындайды. Осындай құбырлар ретінде ЕАЭО ТР 049/2020-ның 4-тармағында газды тарату және газды тұтыну желілерінің құбырлары, автономды газбен жабдықтау желілерінің және автомобильдік газ толтыру компрессорлық станцияларының құбырлары, теңіз құбырлары, кәсіптік және кәсіпаралық құбырлары, жеңіл көмірсутектер мен сұйылтылған

көмірсутектердің мол фракциясын тасымалдауға арналған құбырлар, сондай-ақ көмірсутек шикізатын өндіру және (немесе) қайта өңдеу технологиялық процестерін жүзеге асыруға және қамтамасыз етуге арналған құбырлар көрсетіледі.

Өз кезегінде Одақ құқығындағы «құбыр» ұғымы Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің 2013 жылғы 2 шілдедегі № 41 шешімімен қабылданған Кеден одағының «Артық қысыммен жұмыс істейтін жабдықтың қауіпсіздігі туралы» (бұдан әрі – КО ТР 032/2013 (2025 жылғы 26 қыркүйектегі редакцияда) техникалық регламентінің 4-тармағында ашылады және ол құбыр арматурасының, құбырлардың, ернемектердің және құбырдың басқа да бөлшектері мен элементтерінің ажыратылмайтын және (немесе) алмалы-салмалы қосылыстары, сондай-ақ оларға жалғанған құбырдың қауіпсіз жұмысын қамтамасыз ететін тірек-аспа жүйесінің бөлшектері қолданыла отырып өзара қосылған әртүрлі ортаны артық қысыммен тасымалдауға арналған жабдықты білдіреді. Бұл ретте КО ТР 032/2013 3-тармақта техникалық регламенттің қысымды реттеу станцияларында немесе компрессорлық станцияларда пайдаланылатын жабдықтарды қоспағанда, газды, мұнайды және басқа өнімдерді тасымалдауға арналған магистральдық құбырлар, кәсіпшілік ішіндегі және жергілікті тарату құбырлары (а тармақшасы); ғимараттар мен құрылыстардың сумен жылыту жүйелеріндегі жылыту аспаптары мен құбырлары (т тармақшасы); құбырлардың тірек-аспа жүйелері және олардың элементтері (ф тармақшасы) сияқты өнім түрлеріне қолданылмайтынын белгілейді.

12. «Магистральдық құбыр» ұғымы сондай-ақ Беларусь Республикасы мен Қазақстан Республикасының магистральдық құбырлар саласындағы қоғамдық қатынастарды реттейтін арнайы заңнамалық актілерінде ашылады (басқа мүше мемлекеттерде мұндай актілер жоқ).

Беларусь Республикасының «Магистральдық құбыр көлігі туралы» 2002 жылғы 9 қаңтардағы № 87-З Заңының (Беларусь Республикасының 2022 жылғы 12 шілдедегі Заңының жаңа редакциясында) 1-бабына сәйкес магистральдық құбыр – өнімді қабылдау пункттерінен тұтынушыларға тапсыру немесе сұйық көмірсутектерді автомобиль, темір жол немесе ішкі су көлігіне ауыстырып тиеу пункттеріне дейін тасымалдауға арналған және магистральдық құбыр объектілеріне қызмет көрсету және оларды басқару мақсаттары үшін пайдаланылатын ғимараттар мен құрылыстарды қоса алғанда, конструкциялық және технологиялық өзара байланысты объектілерден тұратын бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен. Заңның күші, атап айтқанда, кәсіпшілік, технологиялық, тарату құбырларына қолданылмайды (Заңның 2-бабының 2-тармағы).

Қазақстан Республикасының «Магистральдық құбыр туралы» 2012 жылғы 22 маусымдағы Заңының 1-бабының 5-тармағында (2025 жылғы 8 шілдедегі жағдай бойынша) магистралдық құбыр ұғымы өнімді қауіпсіз тасымалдауды қамтамасыз ететін желілік бөліктен және объектілерден тұратын, техникалық регламенттер мен ұлттық стандарттардың талаптарына сәйкес келетін бірыңғай өндірістік-технологиялық кешен ретінде айқындалған.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының жоғарыда көрсетілген Заңының 11-бабында магистралдық құбырлардың түрлері белгіленген, оларға магистральдық мұнай құбырлары, газ құбырлары және мұнай өнімдері құбырлары жатады (1-тармақ), сондай-ақ магистральдық құбырларға жатпайтын құбырлар санамаланады (11-баптың 4-тармағы. Заңға сәйкес магистральдық құбырларға кәсіпшілік, технологиялық және өзге де құбырлар, сондай-ақ таратушы құбырлар жатпайды.

13. Жоғарыда баяндалғандардың негізінде Соттың Үлкен алқасы «магистральдық құбыр» бұл жағдайда мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін тасымалдау үшін пайдаланылатын құбыр түрі болып табылатынын, ал «құбыр» термині магистральдық мұнай құбырлары мен мұнай өнімдері құбырларын да, сондай-ақ магистральдықтарға жатпайтын өзге де құбырларды қамтитынын атап өтеді. Демек, Қазақстан Республикасының «Табиғи монополиялар туралы» 2018 жылғы 27 желтоқсандағы Заңының 5-бабы 1-тармағы 1-тармақшасының мәтінінен «магистральдық» деген сөзді алып тастау Хаттамаға № 1 қосымшада белгіленген табиғи монополиялар салаларының тізбесін кеңейтеді, өйткені ол мұнайды және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы ғана тасымалдауға байланысты емес өзге де саланы қамтитын болады.

14. Шарттың 78-бабының 7-тармағы мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту мүмкіндігін ұсынады. Мұндай кеңейту:

егер мүше мемлекет басқа мүше мемлекетте табиғи монополия саласы болып табылатын және Хаттамаға № 1 немесе № 2 қосымшада келтірілген саланы табиғи монополиялар саласына жатқызуға ниетті болған жағдайда, мүше мемлекеттің заңнамасына сәйкес;

егер мүше мемлекет Хаттамаға № 1 немесе № 2 қосымшада көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге саласын табиғи монополиялар саласына жатқызуға ниетті болған жағдайда, осы мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан кейін Комиссияның шешімі бойынша жүзеге асырылады.

15. Шарттың 78-бабының 7-тармағының нормаларын сөзбе-сөз оқу өтініш берушінің сұрағына жауап беру үшін екі мән-жайды белгілеу керек деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді:

1) «мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау жөніндегі» деген тұжырымдаудан «магистральдық» деген сөзді алып тастау табиғи монополиялар салаларын кеңейту болып табыла ма;

2) Хаттамаға № 1 немесе № 2 қосымшаларда мұнай және (немесе) мұнай өнімдерін магистральдықтан басқа өзге де құбырлар арқылы тасымалдау көрсетілген бе.

1969 жылғы 23 мамырдағы Халықаралық шарттардың құқығы туралы Вена конвенциясының 31-бабының 1-тармағына сәйкес шарт шарттың терминдеріне олардың контексінде, сондай-ақ шарттың объектісі мен мақсаттарын ескере отырып берілуі қажет әдеттегі мәніне сәйкес адал түсіндірілуі тиіс.

А.П. Евгеньеваның редакциясындағы Орыс тілінің сөздігіне (Кіші академиялық сөздік; 3 том, 684 бет) сәйкес «кеңейту» терминінің әдеттегі мәні – «санын, көлемін ұлғайту», «әрекет ету шеңберін ұлғайту, қандай да бір нәрсені қамту». Мүше мемлекеттердің органдары мен ұйымдарының Соттың сұрау салуларына жауаптарында «құбыр» термині магистральдық құбырларды да, сонымен бірге магистральдық құбырларға жатпайтын өзге де құбырларды да қамтитыны көрсетілген. Осыдан келіп, «магистральдық» деген сын есімді заң тұжырымдамасынан алып тастау оларға магистральдықтардан басқа барлық өзге құбырлармен мұнай мен мұнай өнімдерін тасымалдауды қосу арқылы табиғи монополиялар салаларының санын ұлғайтады, яғни табиғи монополиялар салаларының кеңеюіне әкеледі.

Мұнай және мұнай өнімдерін магистральдық құбырлар арқылы тасымалдау Хаттамаға № 1 қосымшаға енгізілген табиғи монополиялар салаларының тізіміне 1-ші нөмірмен қосылған. Хаттамаға № 1 немесе № 2 қосымшалардың өзге тармақтарында мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдау кездеспейді. Яғни Шарт табиғи монополиялардың осы саласын «магистральдық құбырлар» арқылы ғана тасымалдаумен шектейді. Шартта мұнайды өзге де құбырлармен тасымалдау көрсетілмеген.

16. Хаттаманың 20-тармағының 1-тармақшасына сәйкес Комиссия, егер мүше мемлекет табиғи монополиялар саласына Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларында көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге саласын жатқызуға ниет білдірген жағдайда, осы мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан кейін мүше мемлекеттерде табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдайды.

Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілген табиғи монополиялар салаларын кеңейту арқылы мемлекеттердің міндеттемелерін өзгертудің Шартта белгіленген тетігі мүше мемлекеттердің егемендік теңдігі, өзара тиімді ынтымақтастығын, тең құқылығын және ұлттық мүдделерінің

ескерілуін қамтамасыз ету қағидаттарының сақталуына (Шарттың 3-бабы) кепілдік береді.

Бұл ретте Шарт мүше мемлекеттің басқа мүше мемлекетте осылай деп танылған және Хаттамаға № 1 немесе № 2 қосымшада келтірілген саланы табиғи монополиялар саласына жатқызу құқығын шектемейді (Шарттың 78-бабы 7-тармағының екінші абзацы). Егер табиғи монополия саласы № 1 немесе № 2 қосымшада болмаса, онда жаңа сала нақты мемлекетте мүше мемлекет Комиссияға тиісінше өтініш жасағаннан және оның осындай өтініш бойынша осы мүше мемлекетте табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдағаннан кейін ғана заң жүзінде табиғи монополияға жатқызылуы мүмкін.

Комиссияның мемлекеттердің өтініштерін қарауы және олар бойынша Шарттың 78-бабы 7-тармағының үшінші абзацы тәртібімен тиісті шешімдер қабылдауы Комиссияның өз өкілеттіктері шегінде Одақ шеңберінде халықаралық шарттарды іске асыруды қамтамасыз ету (Шартқа № 1 қосымша болып табылатын Еуразиялық экономикалық комиссия туралы ереженің 4-тармағы) жөніндегі қызметінің мақсатымен толық көлемде сәйкес келеді.

17. Жоғары Еуразиялық экономикалық кеңестің 2014 жылғы 23 желтоқсандағы № 98 шешімімен бекітілген Еуразиялық экономикалық комиссияның Жұмыс регламентіне № 1 қосымшаның 73-тармағына сәйкес мүше мемлекеттің өтініші негізінде Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілмеген салаларды табиғи монополиялар саласына жатқызу туралы шешім қабылдау Еуразиялық экономикалық комиссия Кеңесінің құзыретіне жатқызылған.

Мүше мемлекет Шарттың 78-бабының 7-тармағын басшылыққа ала отырып, Комиссияға табиғи монополиялардың өзге саласын (Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілмеген) жатқызу ниеті туралы өтінішті және табиғи монополиялар саласын кеңейту ниетін және себептерін негіздейтін материалдарды (осындай шешімді қабылдау туралы түсіндірме, талдамалық жұмыстың және (немесе) мемлекеттік саясатты жүргізудің ағымдағы жағдайын зерделеу нәтижелері және басқалар) жібереді.

18. Осылайша, Одаққа мүше мемлекеттердегі мұнай және мұнай өнімдерін тасымалдауға қатысты қазіргі табиғи монополиялар саласы оларды магистральдық құбырлар арқылы тасымалдаумен шектелген, бұл Хаттамаға № 1 қосымшадан туындайды. Одақ құқығы деңгейінде мұндай тасымалдау мүше мемлекеттердің әрқайсысының ішкі заңнамасының талаптары негізінде табиғи монополиялар саласымен қамтылатын ерекше объект ретінде айқындалған.

Жоғарыда баяндалғаннан келіп шығатыны, мүше мемлекеттің мұнай және (немесе) мұнай өнімдерінің магистральдықтан басқа кез келген құбырмен тасымалдауды табиғи монополиялар саласына жатқызуы

Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілмеген табиғи монополиялардың өзге де саласы есебінен табиғи монополиялар саласын кеңейту болып табылады және Шарттың 78-бабы 7-тармағының үшінші абзацына орай мүдделі мемлекеттің Комиссияға тиісті өтініш жасағанынан және оның осы мәселе бойынша оң шешім қабылдағанынан кейін ғана жүзеге асырылуы мүмкін.

19. Баяндалғанның негізінде Соттың Үлкен алқасы мынадай түсініктеме береді:

Шарттың 78-бабының 7-тармағына сәйкес табиғи монополиялар салаларын оларға мұнай мен мұнай өнімдерін магистралдықтан басқа қандай да бір басқа мүше мемлекетте табиғи монополия саласы болып табылмайтын және Хаттамаға № 1 және № 2 қосымшаларда көрсетілмеген құбырлардың өзге де түрлерімен тасымалдауды жатқызу есебінен кеңейту мүше мемлекеттің Еуразиялық экономикалық комиссияға тиісті өтінішінен және оның осындай өтініш бойынша осы мүше мемлекетте табиғи монополиялар салаларын кеңейту туралы шешім қабылдауынан кейін ғана мүмкін болады.

**IV. Қорытынды ережелер**

Шарттың 78-бабының 7-тармағына сәйкес осы консультативтік қорытындының көшірмесі өтініш берушіге жіберілсін.

Консультативтік қорытынды Соттың ресми интернет-сайтына орналастырылсын.

Төрағалық етуші А.А. Дронов

Судьялар: Э.В. Айриян

Д.П. Александров

К.К. Джунушпаев

А.А. Забара

Е.Ж. Исмаилов

М.Т. Кайыпов

А.Б. Кишкембаев

Н.В. Павлова

А.Г. Тунян